bilimger.kz

Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:*
***KZ45VPY00102718***

2022

**БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП**

# ҚМЖ "Болашаққа саяхат". Армандар орындалады

| **ЖАРИЯЛАНДЫ** | **СІЛТЕМЕ** |
|---|---|
| 08.05.2022 | https://bilimger.kz/120172/ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Педагогтің аты — жөні | Туребаева М.Е | | | | |
| Күні: | 22.04.2021 | | | | |
| Сынып:4-В | Қатысушылар саны: | | | Қатыспағандар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | **Болашаққа саяхат.** Армандар орындалады | | | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 4.3.2.1. – таныс мәтінге жаңа кейіпкерлер қосу, жаңа сюжеттер енгізу, өлең (төрт жолды) жазу;<br>4.2.2.1. – шығарманы қайта құруға, бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру. | | | | |
| Сабақтың мақсаты | | | | | |
| Сабақтың барысы | | | | | |
| Сабақтың кезеңі уақыты | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар | |
| **Сабақтың басы** | **Ұйымдастыру кезеңі Армысыңдар, балалар?**<br>Қол ұстасып бәріміз,<br>Жылылықты сезейік<br>Шуақ шашқан күндей боп,<br>Күлімсіреп жүрейік**.**<br><br>-Балалар көңіл-күйлерің қалай?-Керемет!(бас бармақпен көрсету)<br>-Сабаққа дайындықтарың қалай?-Тамаша(алақан шапалақтау)<br>-Ынталарың қалай?-Ғажап(қол көтеру)<br><br>Бүгінгі сабақты<br>**«Ашық журнал»** арқылы бағалаймыз. Әрбір дұрыс жауап 2 балды құрайды. Осы бойынша бүгінгі сабақта белсенді қатысқан оқушыларды анықтайтын боламыз.Дөңгелекшені бояу<br><br>**Топқа бөлу**<br>Ал енді балалар берілген қағаздарға қарап тобымызды анықтайық.<br><br>**І топ Робот**<br>**ІІ топ Ұшақ**<br>**ІІІ топ Пойыз**<br>**ҮІ топ Кеме**<br><br>**Топ ережесін сақтаймыз.**<br><br>**Үй тапсырмасын сұрау**<br><br>**Ұжыммен жұмыс**<br>1. Қиял дегеніміз не?<br>2. Ежелгі адамдар нені қиялдауы мүмкін?<br>3. Әр адамның өзінің арманы, қиялы болады.<br>4. Ал, сенің болашаққа деген қандай арманың бар?<br><br>Олай болса бүгінгі біздің сабағымыздың тақырыбы<br>**«Армандар орындалады»** деп аталады. | Оқушылар амандасады.<br><br>Оқушы топқа орналасады.<br>**Топ ережесін құру:**<br>1.Бір-бірін тыңдау.<br>2.Уақытты үнемдеу.<br>3.Нақты жауап беру.<br>4.Сабаққа белсене қатысу.<br><br>Оқушылар сабақтың тақырыбы мен мақсатымен танысады. | Мадақтау арқылы бағалау | Маркер, А4<br><br>Қима қағаз | |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың ортасы** | **Оқулықпен жұмыс**<br>**Ұжымдық жұмыс**<br>**«Ой толғаныс» әдісі**<br><br>v Өткен замандағы адамдар болашақ туралы нені армандауы мүмкін?<br><br>2. Өткен күндерді қазіргі өмірмен салыстырып әңгімелеп көрші?<br><br>**«Атақты қаламгер»**<br><br>**Бүркіт Ысқақов**<br>(1924 — 1991) – ақын. Қарағанды облысы Нұра ауданы Көкмөлдір ауылында дүниеге келген. «Отан», «Сенің Отаның», «Кім жүйрік?», т.б. өлеңдері бар. Орыс ақындарының шығармаларын қазақ тіліне аударған. Өлеңдері орыс, өзбек, татар, т.б. тілдерге аударылған.<br><br>**Оқулықпен жұмыс**<br>**«Қанатты қиял»**<br><br>Жазғытұрым. Жайлы кеш.<br>Аулақта отыр қарт ата<br>Қасындағы ұлына<br>Әңгіме, шерін тарқата.<br>v Шырағым, — деді ол – ертеде<br>Ұшатын кілем болыпты.<br>Айшылық алыс жерлерге<br>Шапшаң жетіп қоныпты.<br>Адам оған ауыр жүк<br>Артып, көкке ұшыпты.<br>Кең аспанды аралап,<br>Айды, Күнді құшыпты.<br>Тыңдап сөзін атаның,<br>Оқуға жүріп ұл кетті.<br>Содан бері арада<br>Талай ай, жыл өтті.<br>Қайтты бір күн баласы,<br>Самолетін самғатып.<br>Өнерімен ұшқыштық<br>Көрген жанды таңғалтып.<br>Осылайша атаның<br>Қиялын сан ғасырлық<br>Шығарып біз шындыққа<br>Іс жүзіне асырдық.<br><br>Ақын өлеңнің тақырыбын неліктен «Қанатты қиял» деп атаған?<br><br>**«Сиқырлы сандықша»**<br><br>**Шер тарқату** – бұл жерде: әңгіме айту<br><br>**Армандар орындалады**<br>Қазақтың жастарына ақын қандай өсиет айтып, бата берді?<br>***«Қанатты қиял» және Ы.Алтынсариннің «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңдеріндегі кейіпкерлердің арманы орындалғанын қалай дәлелдейсің?***<br><br>**Топтық жұмыс**<br>**«Төрттік» әдіс**<br>**І топ**<br>**Тұжырым жасайық**<br><br>**ІІ топ**<br>Баланың мамандық таңдауына не әсер етті деп ойлайсың?<br><br>**ІІІ топ**<br>**Кестемен жұмыс**<br><br>**ҮІ топ**<br>Тұжырым жасай біл<br>Мына суреттерге қарап қандай тұжырым жасар едің?<br><br>**Сергіту сәті**<br><br>**«Жұбыңмен бөліс»**<br>v Тыңдаған және оқыған «Қанатты қиял» өлеңдеріндегі ойлары ұқсас кейіпкерлер кімдер?<br>v Ақындардың арманы орындалғанын қалай дәлелдейсіңдер?<br><br>**Жеке жұмыс**<br>**Дәптермен жұмыс**<br><br>Айтылуы мен жазылуына байланысты кестеден қате сөзді тап. | Оқушылар берілген сұрақтарға өз жауаптарын береді.<br><br>Сұрақтарға жауап береді.<br><br>Ұжыммен жұмыс жасайды.<br><br>Ұжыммен жұмыс жасайды<br><br>***Дескриптор:***<br><br>— Тұжырым жасай алады;<br>— Мамандық таңдауға не әсер еткенін біледі;<br>— Суретпен жұмыс жасайды.<br><br>Берілген тапсырманы орындайды.<br><br>Барлығы бірге сергіту сәтін орындайды<br><br>**Дескриптор:**<br>— Ұқсас кейіпкерлерді ажыратады;<br>— Ақынның басты арманын біледі.<br><br>Оқушылар өз бетінше жұмыс жасайды | Мадақтау арқылы бағалау<br><br>**1 балл**<br><br>Мадақтау арқылы бағалау<br><br>**1балл**<br><br>**Мадақтау**<br><br>**1 балл**<br><br>**Қошеметтеу**<br><br>**1 балл**<br><br>**Мадақтау арқылы бағалау**<br><br>.<br><br>**1 балл**<br><br>**1 балл**<br><br>Мадақтау арқылы бағалау<br><br>**1 балл** | Слайд<br><br>Слайд<br>А4<br>жапсырмалар фломастер желім<br><br>Қима қағаз желім<br><br>Қима қағаз<br><br>Таратпа қағаз | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың соңы**<br><br>Кері байланыс | **Қорытынды**<br>**1.**Қанатты қиял авторы?<br>**2.**Өлеңдегі кейіпкерлерді ата?<br>**3.**Ұшатын кілемге қарап адамдар нені ойлап тапты?<br>**4.**Ұшақ көліктің қай түріне жатады?<br>**5.**Қиял деп нені айтамыз?<br>**Кері байланыс**<br>**«Мұғалімге хат» әдісі**<br><br>**Бағалау.**Боялған дөңгелекшені санап,жинаған ұпай санына қарай роботты бағалау айлағына орнатамыз.Осылайша,бүгінгі сабағымыздан алған бағамызды білетін боламыз.<br>**Үйге тапсырма** | Өлеңді мәнерлеп оқу. | | Плакат жапсырма суреттер | |

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.